

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 16 мамырдағы N 442

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясын құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3378 U973378_ Жарлығын орындау үшін, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 P970410_ қаулысында белгіленген Компанияның негізгі міндеттеріне сәйкес және мұнай мен газ өндірушіге қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" акционерлік қоғамымен тікелей келіссөздер жүргізсін және Каспий теңізі шельфінің мынадай кен орындары мен учаскелерінде көмірсутегі шикізатын барлау мен өндіруге лицензия беруге қ ұ ж а т т а р ә з і р л е с і н :

Ақтөбе облысының Мұғаджар ауданында орналасқан "Әлібекмола" мұнай кен орны ;

Ақтөбе облысының Мұғаджар ауданында орналасқан "Қожасай" мұнай кен орны;

Ақтөбе облысының Мұғаджар ауданында орналасқан "Өріктау" газ кен орны;

шельфтің Каспий теңізінің Қазақстан жағалауында орналасқан Сүйекті, Батыс Сүйекті, Тереңөзек (Жағалау, Пустынная, Тәжіғали Оңтүстік-Батыс учаскелерін қоса), Теңіз Ойығы (Теңіз Оңтүстік-Батыс және Көкарна учаскелерін қоса), Оңтүстік Жамбай және Оңтүстік Забурунье учаскелері.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 5-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің

1999.03.19. N 279 қаулысымен.

P990279_

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.06. N 456 қаулысымен.

P010456_

2. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы бір ай мерзім ішінде тиісті лицензиялар берілгеннен кейін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген кен орындары мен учаскелерінде мұнайды барлау мен өндіруді қаржыландырудың схемасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі